# John Deere машинасының байланыс радиосы

## МЕХАНИК-ЖҮРГІЗУШІНІҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

## John Deere машинасының байланыс радиосы

OMPFP15143 ШЫҒАРЫЛЫМЫ B5 (KAZAKH)

**John Deere Ag Management Solutions**

PRINTED IN U.S.A.

## www.StellarSupport.com

*ЕСКЕРТУ: Өнімнің функционалдылығы осы құжат басылып шыққаннан кейін өнімге енгізілген өзгерістерге байланысты құжатта толық көрсетілмеуі мүмкін. Басқару алдында соңғы Механик-жүргізуші нұсқаулығы мен Қысқаша анықтама нұсқаулығына назар аударыңыз. Көшірмесін алу үшін дилеріңізге хабарласыңыз немесе www.StellarSupport.com веб-торабына барыңыз*

OUO6050,0000FB1 -KK-10AUG10-1/1

## Осы нұсқаулықты оқып шығыңыз

**Дисплей/бағдарламаны пайдаланудың алдында құрамдастар мен қауіпсіз және тиісті басқару үшін ұсынылған процедуралармен танысып шығыңыз.**

**МАҢЫЗДЫ: Келесі GreenStar құрамдастары ауа райына төзімсіз және тек кабинамен жабдықталған машиналарда ғана пайдаланылуы керек. Сәйкес емес пайдалану кепілдіктің жойылуына әкеледі.**

- **Негізгі GreenStar дисплейі және мобильді процессор**
- **GreenStar дисплейлері**
- **AutoTrac әмбебап руль жинағы**
- **John Deere машинасының байланыс радиосы**

HC94949,00001DC -KK-13DEC12-1/1

# Мазмұны

Бет

**Қауіпсіздік**
Қауіпсіздік ақпаратын тану ....05-1
Белгі беретін сөздерді түсіну ....05-1
Қауіпсіздік нұсқаулықтарын орындау ....05-1
Қауіпсіз техникалық қызмет көрсету ....05-2
Баспалдақтар мен тұтқаларды дұрыс қолдану ....05-2
Электр құрамдастар мен кронштейндерді қауіпсіз пайдалану ....05-3
Электронды дисплейді тиісті түрде пайдалану ....05-3
Электр шогын немесе өртті болдырмаңыз ....05-4
Жоғары радио жиілік өрістеріне ұшырауды болдырмау ....05-4
Электр қуат желілерінен сақ болу ....05-4

**Пайдаланушыға арналған реттеу ескертулері**
Пайдаланушыға арналған ақпарат ....10-1
Америка Құрама Штаттары—Пайдаланушыға арналған Федералды байланыс комиссиясының (FCC) ескертпелері ....10-1
Канада—Пайдаланушыға арналған Канада өнеркәсіп министрлігінің ескертпелері ....10-2
Еуропа бірлестігі ....10-3

**Жүйеге шолу**
Басқару әдістемесі ....15-1
Құрамдастар ....15-2

**Радионы теңшеу**
Желі құру ....20-1
Менің желідегі атым тармағын орнату ....20-7
Желінің жұмысқа қабілеттілігін тексеру ....20-8

**Радионы қайта бағдарламалау**
Радионың бағдарламалық жасақтамасын жаңарту ....25-1

**Желі ақпараты**
Желі қойындысы ....30-1
Желі диагностикалары ....30-2

**Ақаулықтарды жою**
Радио ақаулықтарын жою ....35-1

Бет

Антенна қосылымдарына қорғаныс қалпақшаларын кигізу ....35-2

**Сипаттамалар**
Радио сипаттамалары ....40-1
ЕО нормативтеріне сәйкестілік туралы мәлімдеме ....40-1
Күн кодын анықтау ....40-2
Кеден одағы—EAC ....40-3

*Бастапқы нұсқаулықтар. Осы нұсқаулықтағы барлық ақпараттар, суреттер және сипаттамалар жариялым кезіндегі қол жетімді ең соңғы ақпараттарға негізделген. Жариялаушы кез келген уақытта өзгертулерді ескертусіз енгізуге құқылы.*

COPYRIGHT © 2015
DEERE & COMPANY
Moline, Illinois
All rights reserved.
A John Deere ILLUSTRUCTION ™ Manual

## Қауіпсіздік ақпаратын тану

Бұл – дабыл белгісі. Машинаңыздан немесе осы нұсқаулықтан бұл белгіні көргенде адам жарақаттану мүмкіндігіне сақ болыңыз.

Ұсынылған алдын алу шаралары мен қауіпсіз технологиялық режимді орындаңыз.



T81389 —UN—28JUN13

DX,ALERT -KK-29SEP98-1/1

## Белгі беретін сөздерді түсіну

Белгі беретін —ҚАУІП, САҚТАНДЫРУ немесе ЕСКЕРТУ— сөздері дабыл белгілерімен бірге пайдаланылады. ҚАУІП аса қауіпті қатерлерді білдіреді.

ҚАУІП немесе САҚТАНДЫРУ ескерту белгілері белгілі бір қауіпті жерлердің жанында орналасады. Жалпы алдын алу шаралары ЕСКЕРТУ белгілер қатарында тізімделген. ЕСКЕРТУ, сондай-ақ, осы нұсқаулықтағы қауіпсіздік хабарларына назар аударуды талап етеді.




TS187 —KK—03AUG12

DX,SIGNAL -KK-03MAR93-1/1

## Қауіпсіздік нұсқаулықтарын орындау

Осы нұсқаулықтағы және машинаңыздың ескерту белгілеріндегі барлық қауіпсіздік хабарламаларын мұқият оқып шығыңыз. Ескерту белгілерін жақсы күйде сақтаңыз. Жоғалып қалған немесе зақымдалған қауіпсіздік белгілерін ауыстырыңыз. Жаңа құрылғы құрамдастары мен қосалқы бөлшектерінің қазіргі ескерту белгілері барлығына көзіңізді жеткізіңіз. Ескерту белгілерінің алмасуын John Deere дилерінен алуға болады.

Бұл механик-жүргізуші нұсқаулығында қамтылмаған, бірақ жеткізуші берген бөлшектер мен құрамдастар жөніндегі қосымша қауіпсіздік ақпараты болуы мүмкін.

Машинаның қызметі мен басқару құралдарын дұрыс пайдалануды үйреніңіз. Ешбір адамға нұсқаулықсыз жұмыс істеуге рұқсат етпеңіз.

Машинаңызды дұрыс жұмыс істеу жағдайында сақтаңыз. Машинаға өздігіңізден өзгертулер енгізу қызметі мен/немесе қауіпсіздігін нашарлатуы және машинаның қызмет ету мерзіміне әсер етуі мүмкін.




TS201 —UN—15APR13

Егер бұл нұсқаулықтың ешбір бөлігін түсінбесеңіз және көмек қажет етсеңіз, John Deere дилеріне хабарласыңыз.

DX,READ -KK-16JUN09-1/1

## Қауіпсіз техникалық қызмет көрсету

Жұмысты орындау алдында қызмет үрдісін түсініңіз. Аймақты таза және құрғақ сақтаңыз.

Қозғалып жатқанында машинаны ешқашан майламаңыз, қызмет көрсетпеңіз немесе баптамаңыз. Қолдарды, аяқтарды және киімді механикалық бөліктерден ары ұстаңыз. Қысымды босату үшін бүкіл күшті және жұмысты басқару құралдарын өшіріңіз. Аспа құралды жерге түсіріңіз. Моторды өшіріңіз. Кілтті шығарыңыз. Машинаны салқындатыңыз.

Қызмет жұмысы үшін көтеру керек барлық машина элементтерін қауіпсіз тіреңіз.

Барлық бөліктерді жақсы және тиісті түрде орнатылған күйде сақтаңыз. Зақымды бірден түзетіңіз. Тозған немесе бұзылған бөліктерді ауыстырыңыз. Қонған майды немесе қоқыстарды тазалаңыз.

Өзі жүретін жабдықта электр жүйелерін баптау немесе машинада пісіру алдында батареяның жерге қосу сымжеліні (-) ажыратыңыз.

Сүйрелетін аспа құралдарда, электр жүйесінің құрамдастарына қызмет көрсету немесе машинада пісіру алдында трактордан сымдарды ажыратыңыз.



TS218 —UN—23AUG88

DX,SERV -KK-17FEB99-1/1

## Баспалдақтар мен тұтқаларды дұрыс қолдану



T133468 —UN—15APR13

Машинаға мінгенде және одан түскенде бетпен төмен құлауға жол бермеңіз. Баспалдақтар, тұтқалар және сүйеніштермен 3 нүктелі байланысты қамтамасыз етіңіз.

Машинаның басқару құралдарын ешқашан сап ретінде пайдаланбаңыз. Баспалдықты таза әрі қоқыс пен майдан таза ұстаңыз. Машинадан шыққанда ешқашан секірмеңіз. Жүріп бара жатқан машинаға ешқашан құралдарды бекітіп не босатпаңыз.

DX,WW,MOUNT -KK-12OCT11-1/1

## Электр құрамдастар мен кронштейндерді қауіпсіз пайдалану


TS249 —UN—23AUG88

Құрылғыда орнатылған электр құрамдастарды бекіту немесе алып тастау кезіндегі құлау жеке жарақаттарды тудыруы мүмкін. Әр орнату орнына оңай жету үшін сатыны немесе платформаны пайдаланыңыз. Берік және қауіпсіз аяқ тіректерін және қол тіректерін пайдаланыңыз. Құрамдастарды дымқыл немесе мұзды жағдайларда орнатпаңыз немесе алмаңыз.

Мұнара немесе басқа биік құрылыста RTK негізіндегі станциясын орнату немесе қызмет көрсету кезінде тіркелген монтерлық тырнақтарды пайдаланыңыз.

Аспа құралда пайдаланылған жалпы орнату қабылдағыш мачтасын орнату немесе қызмет көрсету кезінде тиісті көтеру техникасын пайдаланыңыз және қорғау құралдарын киіңіз. Мачта ауыр және пайдалану үшін ыңғайсыз болуы мүмкін. Орнату орындарына жерден немесе қызмет платформасынан жету мүмкін болғанда, екі адам қажет.

DX,WW,RECEIVER -KK-24AUG10-1/1

## Электронды дисплейді тиісті түрде пайдалану

Электронды дисплейлер - алқап жұмыстарын орындау, жайлылықты арттыру және ойын-сауықпен қамтамасыз ету үшін механик-жүргізушіге көмектесуге арналған қосымша құрылғылар. Дисплейлер кең ауқымды функционалдық ұсына алады, көптеген әртүрлі машина жүйесінің бағдарламаларында пайдаланылады және шағын электронды құрылғылар сияқты қосымша құрылғылармен пайдалануға болады.

Қосымша құрылғы - машинаның негізгі қолданысы үшін басқару қажет емес кез келген құрылғы. Механик-жүргізуші әрқашан қауіпсіз жұмыс істеу және машинаны басқару үшін жауапты.

Машинаны басқарған кезде жарақат алуды болдырмау үшін:

- Дисплейді орнату нұсқауларына сәйкес орналастырыңыз. Құрылғы бекітілгеніне және жүргізушінің машинаны басқару элементтерін пайдалануға кедергі етпейтініне көз жеткізіңіз.
- Дисплейге алаңдамаңыз. Сақ болыңыз. Машина және айналаңызға назар аударыңыз.
- Параметрлерді өзгертпеңіз немесе машина қозғалыста кезде дисплейдің басқару элементтерін ұзақ уақытқа пайдалануды қажет ететін кез келген функцияларды пайдаланбаңыз. Осындай әрекеттерді жасамас бұрын машинаны қауіпсіз жерде тоқтатыңыз және тұраққа қойыңыз.
- Сыртқы жол қозғалысы және техникалық көмек көрсету көліктерін естімей қалатындай жоғары дыбыс деңгейіне орнатпаңыз.

Қауіпсіз жұмыс істеуді қолдау үшін машина қозғалысы шектелмегенше және/немесе тұраққа қойылмағанша дисплейлердің белгілі бір функцияларын өшіруге болады. Осы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкіндігін орындамау салдарынан қолданыстағы заңды бұзуға және зақым, жарақат немесе өлімге әкелуі мүмкін.

Жағдайлар қауіпсіз және берілген нұсқаулармен сәйкес жасауға мүмкіндік берген кезде дисплейдің тек қолжетімді функционалдығын пайдаланыңыз. Кез келген қосымша құрылғыны пайдаланған кезде үнемі қауіпсіз жүргізу ережелерін, мемлекеттік немесе жергілікті заңдар мен жол қозғалысының ережелерін бақылаңыз.

RR94114,0001FFA -KK-18DEC14-1/1

## Электр шогын немесе өртті болдырмаңыз


PC12631 —UN—04JUN10

Егер қысқа тұйықталу пайда болса, батареядан қуат алатын жабдық немесе басқа электр қуаты көздері электр тогын, ұшқынын немесе доғасын шығарады. Электр қысқа тұйықталулар адамдардың өртенуіне немесе қарапайым материалдардың жануына не еруіне жеткілікті жоғары температураға жете алады.

Электр шогынан, өртенуден немесе өртенудің қаупінен жарақатты болдырмау үшін орнату немесе қызмет көрсету алдында әрдайым жабдықтағы батарея қуатын немесе басқа электр қуат көзін ажыратыңыз:

- Батареяның жерге тұйықтау тұтқасын (теріс клемма [-]) алып тастау.
- Батареяны шешіп алыңыз.
- Негізгі батареяны немесе басқа электр қуат көзін өшіріңіз.
- Электр қуат көзін жабдықтан ажыратыңыз.

Электр жабдығын орнату барысында барлық жергілікті кодтар мен ережелерді түсініңіз және қадағалаңыз.

HC94949,0000487 -KK-27JAN14-1/1

## Жоғары радио жиілік өрістеріне ұшырауды болдырмау


PC12632 —UN—04JUN10

Антеннаның жоғары радио жиіліктерінен болатын зақымдалуларды болдырмаңыз. Жүйе жіберу кезінде антеннаға тимеңіз. Орнату немесе қызмет көрсетудің алдында әрқашан антеннаның қуатын өшіріңіз.

Антенна механик-жүргізуші немесе жанындағы адамдардан кем дегенде 20 см (8 дюйм) қашықтықта бөлініп тұруы тиіс.

JS56696,0000C0E -KK-11DEC12-1/1

## Электр қуат желілерінен сақ болу


PC13658 —UN—08NOV11

Машина антеннасының биіктігі төмен іліну тұрған электр желілеріне тиетіндей жеткілікті болуы мүмкін. Қатты электр тогы соғу жарақатын алдын алыңыз:

- Машинаны пайдалану немесе тасымалдау барысында биіктігі төмен іліну тұрған электр кабельдерінен алыс сақтаңыз.

HC94949,0000488 -KK-24JAN14-1/1

## Пайдаланушыға арналған ақпарат

Бұл құрылғы John Deere Ag басқару шешімдерімен қамтамасыз етілгендей басқарылуы қажет. Осы құрылғыға John Deere Ag басқару шешімдерінің тікелей жазбаша рұқсатынсыз енгізілген кез келген өзгертулер пайдаланушының осы құрылғыларды басқару құқығын бұзуы мүмкін.

CZ76372,00003A2 -KK-10DEC14-1/1

## Америка Құрама Штаттары—Пайдаланушыға арналған Федералды байланыс комиссиясының (FCC) ескертпелері

Бұл құрылғы байланыс құралдары бойынша комиссияның ережелерінің 15-тарауына сай келеді. Басқару келесі екі шартқа бағынынңқы:

(1) Бұл құрылғы қауіпті кедергілерге әкелмеуі мүмкін, және

(2) Бұл құрылғы кез келген қабылданған кедергілерді, соның ішінде жағымсыз жұмысқа себеп болатын кедергілерді растауы қажет.

Байланыс құралдары бойынша комиссияның ережелерінің 15-тарауына сәйкес A санатты сандық құрылғы үшін шектеулерімен бұл жабдықтың үйлесімділігі сынап алынған және анықталған. Бұл шектеулер жабдықпен саудалық ортада жұмыс істеу кезінде қауіпті кедергілерден жеткілікті қорғанысты қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл жабдық радио жиілігінің энергиясын тудырады, пайдаланады және тарата алады және нұсқаулыққа сай орнатылмаса немесе пайдаланылмаса, радио байланыстарына қауіпті кедергілерді тудыра алады. Осы жабдықпен үй аймағында жұмыс істеу қауіпті кедергілер тудыруы мүмкін. Бұл жағдайда пайдаланушы кедергіні өз қаражатына жөндеуге міндеттеледі.

**Радиожиілік (RF) өрісінің әсері бойынша нұсқау**

Бұл жабдық басқарылмайтын орта үшін бекітілген FCC радиациялық әсерлерді шектеу стандарттарына сәйкес келеді. Бұл өнімді радиатор мен адамдар арасында кем дегенде 20 см (8 дюйм) қашықтықты сақтап орнату және басқару қажет. FCC стандарттары бойынша бірнеше радио таратқыш өніміне арналған процедураларынан басқа жағдайларда, осы радио таратқышты кез келген антенна немесе басқа радио таратқышпен бірге орнатуға немесе басқаруға болмайды.

JS56696,0000C41 -KK-10DEC14-1/1

## Канада—Пайдаланушыға арналған Канада өнеркәсіп министрлігінің ескертпелері

This device complies with Industry Canada licence-exempt RSS standard(s). Operation is subject to the following two conditions: (1) this device may not cause interference, and (2) this device must accept any interference, including interference that may cause undesired operation of the device.

Under Industry Canada regulations, this radio transmitter may only operate using an antenna of a type and maximum (or lesser) gain approved for the transmitter by Industry Canada. To reduce potential radio interference to other users, the antenna type and its gain should be so chosen that the equivalent isotropically radiated power (e.i.r.p.) is not more than that necessary for successful communication.

This radio transmitters (IC: 6545A-XR2) has been approved by Industry Canada to operate with the antenna types listed below with the maximum permissible gain and required antenna impedance for each antenna type indicated. Antenna types not included in this list, having a gain greater than the maximum gain indicated for that type, are strictly prohibited for use with these devices.

PFP11422
Omnidirectional external antenna
5 dBi Gain
50 ohms impedance

**RF Exposure Guidance**

This equipment complies with FCC and Industry Canada radiation exposure limits set forth for an uncontrolled environment. This equipment should be installed and operated with a minimum distance of 20 cm (8 in.) between the radiator and persons. This transmitter must not be co-located or operating in conjunction with any other antenna or transmitter, except in accordance with FCC and Industry Canada multi-transmitter product procedures.

PC20525 —UN—10DEC14

**Келесі бетте жалғасады**

JS56696,0000C42 -KK-10DEC14-1/2

Le présent appareil est conforme aux CNR d'Industrie Canada applicables aux appareils radio exempts de licence. L'exploitation est autorisée aux deux conditions suivantes : (1) l'appareil ne doit pas produire de brouillage, et (2) l'utilisateur de l'appareil doit accepter tout brouillage radioélectrique subi, même si le brouillage est susceptible d'en compromettre le fonctionnement.

Conformément à la réglementation d'Industrie Canada, le présent émetteur radio peut fonctionner avec une antenne d'un type et d'un gain maximal (ou inférieur) approuvé pour l'émetteur par Industrie Canada. Dans le but de réduire les risques de brouillage radioélectrique à l'intention des autres utilisateurs, il faut choisir le type d'antenne et son gain de sorte que la puissance isotrope rayonnée équivalente (p.i.r.e.) ne dépasse pas l'intensité nécessaire à l'établissement d'une communication satisfaisante.

Le présent émetteur radio (IC: 6545A-XR2) a été approuvé par Industrie Canada pour fonctionner avec les types d'antenne énumérés ci-dessous et ayant un gain admissible maximal et l'impédance requise pour chaque type d'antenne. Les types d'antenne non inclus dans cette liste, ou dont le gain est supérieur au gain maximal indiqué, sont strictement interdits pour l'exploitation de l'émetteur.

PFP11422
Antenne externe omnidirectionnelle
5 dBi Gain
Impédance de 50 ohms

**Exposition aux radiofréquences orientation**

Cet équipement est conforme aux normes FCC et les limites d'exposition aux rayonnements Industrie Canada énoncées pour un environnement non contrôlé. Cet équipement doit être installé et utilisé à une distance minimale de 20 cm (8 in.) entre le radiateur et les personnes. Cet émetteur ne doit pas être co-localisées ou opérant en conjonction avec une autre antenne ou un autre émetteur, sauf en conformité avec la FCC et Industrie Canada Procédures de produits multi-émetteurs.

PC20526 —UN—10DEC14

JS56696,0000C42 -KK-10DEC14-2/2

## Еуропа бірлестігі

Бұл жабдық 2402 - 2472 МГц жиілік ауқымында жұмыс істейді. 2,4 ГГц сымсыз диапазондары үшін ұлттық ережелердің соңғы күйлерін барлық жергілікті өкімет өкілдерімен талқылаңыз. Ұлттық ережелер жұмыстардың төбеде көрсетілген жиілік ауқымдарының бөліктеріне дейін шектеуін талап етуі мүмкін.

HC94949,000015B -KK-23OCT12-1/1

## Басқару әдістемесі

### Машинаның байланыс радиосының жұмыс істеу теориясы

Машинаның байланыс радиосы (MCR) - машина мен жалғыз желі арасындағы дерек алмасуын іске қосуға арналған сымсыз маршруттауыш болып келетін 2,4 ГГц сымсыз желі радиосы. Желі жоғары қуатты 3 миль радиусқа дейінгі бір жиілік арнасында басқа радиоларға деректерді қайталайтын тікелей көрінетін қабілеті бар радиолардан құрылған. Радиолар арасындағы тасымалданған деректер желідегі машинаның жылдамдығын, күйін және қозғалыс бағытын байланыстырады. Бұл ақпарат 2630 болып табылатын Ethernet байланысы арқылы әр дисплейге жіберіледі, оған қоса, Machine Sync белсендірілуімен машинаның контроллерлерінен келетін Machine Sync байланысты кез келген қосымша ақпаратты өңдейді. Бұл желі логистикалық ақпаратты бөлісуге және түсіру барысын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Орнату жиынтығына қосылған сүзгі жиынтығы өнеркәсіптік диапазондағы радиолар сияқты басқа жоғары қуатты сымсыз құрылғылар тудыратын кедергілерді жояды.

### Тікелей көріну туралы ескертулер

МБР тікелей көрінетін жүйе. Теректер, төбелер немесе машина бөліктері сияқты бөгеттер антеннанның тікелей көрінушілігіне кедергі жасап жүйенің ауқымын төмендетеді. Машиналардың арасындағы көзге көрінген тікелей көрінушілік радионың тікелей көрінуі болып табылмайды. Мысалы, машиналар бір-біріне жақсы көрінгенімен олардың антенналарының арасында желі байланысын бәсеңдететін немесе жоятын ойлы-қырлы жерге байланысты таза тікелей көріну болмауы мүмкін.

Бірнеше MCR желілері әр радио басқа радиоларға қайталағыш қызметін атқаратын көп-байланысты желі. Нысанаға жетпегенше ақпарат маршрут бойымен радиодан радиоға тасымалданады. Байланысқа

PC16375 —UN—11DEC12




*MCR көп байланысты желісі*

түкісі келген екі радио арасында тікелей көрінушілік қол жетімсіз болғанда, осы радиоларға жалғанған тікелей көрінуі бар қосымша радиолар ақпараттың тасымалдануына мүмкіндік береді. Осы түсінікті сурет көрсетеді. 1-трактор 3-трактормен байланысуда, бірақ төбе тікелей көрінуге кедергі болуда. 2-трактор антеннасы 1 және 3-тракторларының екеуімен де тікелей көрінуі бар, осыған орай 2-трактор қайталағыш қызметін атқарып, 1 және 3-трактор арасында ақпарат тасымалдануына мүмкіндік береді.

Нәтижесінде, желіде көбірек радио болғанда желі сенімділігінің жақсаруына мүмкіндік бар, өйткені көз бен нысана арасында бірден көп маршрут бар. Бұл логистикалық картаны толтыру мен жаңартуға көмектеседі.

RW00482,000015E -KK-24APR13-1/1

## Құрамдастар

### Радио

Диагностика үшін МБР антенна байланысы, Ethernet байланысы және жарық диодты шамы бар.

**A—Қуат/дерек (Ethernet)**
**B—Антенна (коаксты)**
**C—Жарық диоды**




PC14281 —UN—05DEC11

RW00482,00000FE -KK-23APR13-1/4

### Антенна

МБР әдетте кабина төбесінде орнатылған. Бұл желідегі басқа МБР антеннасымен тікелей көрінуді талап етеді. MCR антеннасын басқа ұқсас антенналардан ажырату үшін сары қаптамасы бар.

**A—Антенна**
**B—Коакс қосылымы**




PC16324 —UN—04DEC12

RW00482,00000FE -KK-23APR13-2/4

### Жоғары жиілікті сүзгіш

Жоғары жиілікті сүзгіш басқа құрылғылардан келетін ықтимал радио кедергілерін бәсеңдету үшін пайдаланылады.

**A—Жоғары жиілікті сүзгіш**
**B—TNC штекері**
**C—TNC ұяшығы**

PC16659 —UN—05MAR13




**Келесі бетте жалғасады**

RW00482,00000FE -KK-23APR13-3/4

## Y сымы

Y сымы машина байланыс радиосының қосқышына (A), жергілікті желі қосқыштарына (B) және қуат қосқышына (C) жалғап қосады.

**A—Машина байланыс радиосының қосқышы**
**B—Ethernet қосқыштары**
**C—Қуат қосқышы**
**D—Ethernet порты**
**E—Антенна порты**




PC14500 —UN—25JAN12

RW00482,00000FE -KK-23APR13-4/4

## Желі құру

1. Қуат/дерек кабелінің тиісті орнатылғанына (A) көз жеткізіңіз. Радиода қуат болған кезде оның бетіндегі жарық диодты шам (C) жасыл болып жанады. Радионы орнату үшін машинаның байланыс радиосын жинау нұсқаулығын қараңыз.

*ЕСКЕРТУ: МБР жарық диодты шамы тиісінше теңшелмегенше жыпықтайды. Жарық диодты шамы бүтін болған кезде, радио дұрыс теңшелген (желі аты мен ид. орнатылған). Радио теңшелгенде желідегі басқа радиолармен байланысуға дайын.*




PC14281 —UN—05DEC11

**A—Қуат/дерек (Ethernet)**
**B—Антенна (коаксты)**
**C—Жарық диоды**

RW00482,0000153 -KK-19APR13-1/10

2. GS3 дисплейінде мәзір түймешігін басңыз және GS3 түмешігін таңдаңыз.

3. Негізгі мәзірдің оң жағындағы жабдыққа жылдам қол жеткізу түймешігін таңдаңыз.

PC8663 —UN—08DEC14



*МӘЗІР түймешігі*

PC12685 —UN—08DEC14




*GREENSTAR 3 PRO түймешігі*

PC8677 —UN—05AUG05




*ЖАБДЫҚ жылдам қол жеткізу түймешігі*

**Келесі бетте жалғасады**

RW00482,0000153 -KK-19APR13-2/10

4. Жабдық экранынан желі қойындысын таңдаңыз.

**A—Желі қойындысы**




PC14286 —UN—06DEC11

RW00482,0000153 -KK-19APR13-3/10

5. Желілерді көру тармағын таңдаңыз.

**A—Желілерді көру**




PC14287 —UN—06DEC11

Келесі бетте жалғасады

RW00482,0000153 -KK-19APR13-4/10

6. Желілерді басқару түймешігін таңдаңыз.

**A—Желілерді басқару**




PC14288 —UN—06DEC11

RW00482,0000153 -KK-19APR13-5/10

7. Желілерді басқару экранында "Жаңасын қосу" тармағын таңдаңыз.

**A—Жаңасын қосу**




PC14289 —UN—06DEC11

**Келесі бетте жалғасады**

RW00482,0000153 -KK-19APR13-6/10

8. Желі аты бағанасын таңдаңыз және жаңа желінің атын басу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз. Атты енгізгеннен кейін растау түймешігін басыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Желінің атының ұзындығы 6-20 таңбалы болуы керек және кіші әрптер (a-z), сандар (0-9), ашық жерлер, сызықшалармен дефистер және асты сызылған болса болады.*

9. Желі ақпаратын өңдеу экранында арна тармағын таңдаңыз

*ЕСКЕРТУ: Арна таңдауға байланысты қосымша ақпарат үшін "Радио сипаттамалары" бөлімін қараңыз.*




PC14290 —UN—06DEC11




PC14291 —UN—06DEC11

**A—Желінің аты**
**B—Арна**
**C—Растау түймешігі**
**D—Пернетақта**
**E—Пернетақтаның растау түймешігі**

Келесі бетте жалғасады RW00482,0000153 -KK-19APR13-7/10

10. Желі аты мен арна орнатылғаннан кейін растау түймешігін таңдаңыз. Енді желілерді басқару экранында жаңа желі пайда болды.

**A—Желінің аты**
**B—Арна**
**C—Растау**




PC14292 —UN—06DEC11

RW00482,0000153 -KK-19APR13-8/10

11. Желілерді басқару экранында растау түймешігін таңдаңыз. Енді желілерді қарау экранында жаңа желі пайда болды.

**A—Растау**




PC14293 —UN—06DEC11

Келесі бетте жалғасады

RW00482,0000153 -KK-19APR13-9/10

12. Желі атынан кейін, желіге қосылу үшін қосылу түймешігін таңдаңыз. Айналым тізбегінде үш көрсеткісі бар күй таңбасы пайда болады. Бұл қадамды аяқтау 90 секундқа дейін уақыт алуы мүмкін. Осы уақытта (немесе кейін) желі қойындысына кері қайту үшін растау түймешігін басыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Қосу барысында, дерек тасымалдау (енгізу/жіберу деректері) функциясы өшірулі.*

*ЕСКЕРТУ: Әр дисплей әр желіні өзінің желі тізіміне енгізуі қажет. Әр дисплейге желілерді қосу үшін алдыңғы қадамдарды қайталаңыз. Желіде басқа ешкім болмаса да, желідегі әр машина әрдайым бір желіге қосылуы тиіс.*

**A—Қосу**
**B—Күй**
**C—Растау түймешігі**




PC14300 —UN—06DEC11




PC14295 —UN—06DEC11

RW00482,0000153 -KK-19APR13-10/10

## Менің желідегі атым тармағын орнату

Желідегі менің атым (A) басқа машиналардағы дисплейдегі осы машинаның аты. Бұл ат "Желідегі басқалар" тізімінде (B) және экран картасында көрсетіледі.

*ЕСКЕРТУ: Желідегі менің атым ұзындығы 0-8 таңбалы болуы мүмкін және құрамында бас әріптер (A-Z), кіші әріптер (a-z) және сандар (0-9) болуы мүмкін.*

1. Желідегі менің атым тармағын таңдаңыз және құрылғының атын өзгерту үшін пернетақтаны (C) пайдаланыңыз.
2. Қабылдау түймешігін (D) таңдаңыз.

**A—Менің желідегі атым**
**B—Желідегі басқалар тізімі**
**C—Пернетақта**
**D—Қабылдау түймешігі**




PC20393 —UN—10DEC14




PC20394 —UN—10DEC14

SF04007,0000761 -KK-10DEC14-1/1

## Желінің жұмысқа қабілеттілігін тексеру

Қосылу үшін, желідегі барлық машиналар келесі әрекеттерді орындауы қажет:

- Бірдей желі аты мен арнасы бар бірдей желіге қосылу
- байланыс аумағында болыңыз және машиналар арасында таза тікелей көріну жағдайын жасаңыз
- дисплейіңіздің бағдарламалық қамту нұсқасы бірдей болсын
- бірдей радио қамтым нұсқасы болсын

Желідегі басқа машиналар желідегі басқалар тізімінде (A) көрсетіледі.

Бұл тізімде көрсетілген ат басқа дисплейлер мәзірінде желідегі менің атым менің (B) тармағында енгізілген ат болып табылады.

Бұл тізімде басқа машиналар аумақта пайда болғанда немесе желіге қосылғанда пайда болады.

"Желідегі басқалар" тізіміндегі әр құрылғының жанындағы бес жолақ желі сигналының күшін (C) білдіреді. Жолақтар құрылғы мен тізімдегі құрылғы арасындағы сигнал күшіне негізделген түстермен белгіленеді.




**A—Желідегі басқалар тізімі**
**B—Менің желідегі атым**
**C—Желі сигналының күші**

SF04007,0000762 -KK-10DEC14-1/1

## Радионың бағдарламалық жасақтамасын жаңарту

1. Радионы дисплейге Ethernet кабелі арқылы қосыңыз және радионың қуаты барына көз жеткізіңіз.
2. Радионың жаңа бағдарламалық жасақтамасы бар USB жетегін GS3 дисплейіне енгізіңіз. Дисплейді қосыңыз.
3. Негізгі мәзір түймешігін таңдаңыз. Хабар орталығын таңдаңыз. Қайта бағдарламалауға жылдам қол жеткізу түймешігін таңдаңыз.

**A—Контроллер тізімі** **B—Қайта бағдарламалау құрылғысы**

PC8663 —UN—08DEC14



*МӘЗІР түймешігі*

PC12868 —UN—16SEP10




*ХАБАРЛАР ОРТАЛЫҒЫ түймешігі (Ақпарат белгішесімен)*

PC8665 —UN—05AUG05




*ҚҰРАМДАСТАР МЕН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТУДЫҢ НҰСҚАЛАРЫ түймешігі*

HC94949,00001AB -KK-04DEC12-1/3

4. Контроллер тізімінде (A) МБР бөлектеңіз және қайта бағдарламалау құрылғысын (B) таңдаңыз.

**A—Контроллер тізімі** **B—Қайта бағдарламалау құрылғысының түймешігі**




PC13666 —UN—07DEC11

Келесі бетте жалғасады

HC94949,00001AB -KK-04DEC12-2/3

5. Нұсқаға ауыстыру (A) ашылмалы тізімінде жаңа бағдарламалық жасақтама нұсқасын таңдаңыз.

6. Жаңартуды бастау үшін растау (B) түймешігін басыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Бағдарламалық жасақтамаға өткен күнді енгізбеңіз.*

*Қайта бағдарламалау барысында қуатты өшіру жаңартудың сәтсіз аяқталуына әкеп соғуы мүмкін.*




PC13667 —UN—07DEC11

**A—Нұсқаға ауыстырыңыз** **B—Растау түймешігі**

HC94949,00001AB -KK-04DEC12-3/3

## Желі қойындысы




*Желі қойындысы*

**A—Менің желідегі атым**
**B—Желінің аты**
**C—Арна**
**D—Сымсыз күй**
**E—Желілерді көру**
**F—Арна сапасының көрсеткіші**
**G—Желідегі басқалар тізімі**

### Менің желідегі атым

- Машинадағы желідегі басқалар тізімінде көрсетілген ат. Қосымша ақпарат үшін "Желідегі менің атым" бөлімін қараңыз.

### Желінің аты

- Ағымдағы қосылған желінің аты. Қосылмаған болса “----“ белгісін көрсетеді. Қосымша ақпарат үшін "Желі құру" бөлімін қараңыз.

### Арна

- Ағымдағы қосылған желінің байланыс арнасы. Қосылмаса бос болады. Қосымша ақпарат үшін "Радио сипаттамалары" бөлімін қараңыз.

### Сымсыз күй

- Сіздің машинаңыз кемінде басқа бір машинамен байланысқан кезде қосылғанын көрсетеді. Қосымша ақпарат үшін "Желінің жұмысқа қабілеттілігі" және "Радио ақаулықтарын жою" бөлімдерін қараңыз.

### Желілерді көру

- Желілерге қосылу немесе ажырау үшін таңдаңыз. Желілерді құру, өңдеу немесе жою үшін пайдаланыңыз. Қосымша ақпарат үшін "Желі құру" бөлімін қараңыз.

### Арна сапасының көрсеткіші

Арна сапасының көрсеткіші панелі пайдалануға ең жақсы арнаны анықтау үшін пайдаланылады. Қызыл жарық пайда болса,басқа арнаға ауысыңыз.

- Жасыл—жақсы
- Сары—шектік
- Қызыл—нашар

### Желідегі басқалар тізімі

- Тізімдегі әр көрсеткі бір машина болып табылады. Машинаның аты (Менің желідегі атым басқа дисплейге енгізілген) бірінші пайда болады. Машина сигналының күші екінші ретте пайда болады.

RW00482,0000155 -KK-19APR13-1/1

## Желі диагностикалары




PC13679 —UN—12DEC11

*GS3 Желі диагностикаларының беті 1*

A—Менің желідегі атым
B—Ethernet күйі
C—Жылдамдық
D—Қос
E—MAC мекенжайы
F—NAT мекенжайы
G—Желі бағдарламасының нұсқасы

### Менің желідегі атым

- Көліктердегі "Желідегі басқалар" тізімінде көрсетілген ат. Қосымша ақпарат үшін "Желідегі менің атымды орнату" бөлімін қараңыз.

### Ethernet күйі

- 2630 дисплейі MCR, MTG, немесе басқа Ethernet құрылғысына қосылған болса, "Қосылған" жазуын көрсетеді.

### Жылдамдық

- 2630 бетінде Ethernet байланысының жылдамдығын көрсетеді. Жылдамдық "100" Мбит/сек болуы тиіс. Егер "10" көрсетілсе Ethernet кабел(дер)інде, 2630 жабдығында немесе МБР жабдығында ақаулық болуы мүмкін.

### Қос

- Қалыпты жұмыс "Толық" жазуын көрсетеді. Егер "Жартылай" көрсетілсе, Ethernet кабел(дер)інде, 2630 жабдығында немесе МБР жабдығында ақаулық болуы мүмкін.

### MAC мекенжайы

- Желідегі 2630 үшін бірегей идентификатор. Барлық дисплейлерде бірегей MAC мекенжайы болуы керек.

### NAT мекенжайы

- Желідегі 2630 үшін бірегей идентификатор. Барлық дисплейлерде бірегей NAT мекенжайы болуы керек.

### Желі бағдарламасының нұсқасы

- Байланысты суб-жинақтау үшін нұсқа нөмірі. Желідегі барлық дисплейлерде және құрылғыларда бірдей (немесе үйлесімді) нұсқа нөмірі болуы керек.

Келесі бетте жалғасады HC94949,00001B2 -KK-13DEC12-1/3




PC13680 —UN—12DEC11

*GS3 желі диагностикаларының беті 3*

**A—NAT мекенжайы** **B—Жұмыс уақыты** **C—Қамтым нұсқасы**

## NAT мекенжайы

- Желідегі МБР арналған бірегей идентификатор. Барлық МБР-ларда бірегей NAT мекенжайы болуы керек.

## Жұмыс уақыты

- МБР жұмыс істеген уақыт ауқымы. Машина кілтпен қосылған сайын МБР жаңарады. Жұмыс уақыты машинаны кілтпен қосқаннан кейінгі уақытпен сәйкес келмесе, сым немесе конфигурация ақаулығы болуы мүмкін.

## Қамтым нұсқасы

- МБР бағдарламалық қамту орнатылған. Желідегі барлық МБР-лардың қамтым нұсқасы бірдей болуы керек. МБР қайта бағдарламалау нұсқаулығы үшін "Радионың бағдарламалық қамтуын жаңарту" бөлімін қараңыз.

Келесі бетте жалғасады HC94949,00001B2 -KK-13DEC12-2/3




PC13681 —UN—12DEC11

*GS3 желі диагностикаларының беті 4*

**A—Желінің аты**
**B—Арна**
**C—Қосылым күйі**
**D—Tx тобы**
**E—Rx тобы**
**F—MAC мекенжайы**

### Желінің аты

- Ағымдағы қосылған желінің аты. Қосылмаған болса "----" белгісін көрсетеді. Қосымша ақпарат үшін "Желі құру" бөлімін қараңыз.

### Арна

- Ағымдағы қосылған желінің байланыс арнасы. Қосылмаса бос болады. Қосымша ақпарат үшін "Радио сипаттамалары" бөлімін қараңыз.

### Қосылым күйі

- Машина көрінбесе де, желіге қосылғанда "Қосулы" жазуын көрсетеді. Желіден өшірілгенде "Өшулі" жазуын көрсетеді.

### Tx тобы

- МБР алынған хабарламалар саны.

### Rx тобы

- Басқа МБР-лардан алынған хабарламалар саны.

### MAC мекенжайы

- Желідегі МБР үшін бірегей идентификатор. Барлық МБР-ларда бірегей MAC мекенжайы болуы керек.

HC94949,00001B2 -KK-13DEC12-3/3

## Радио ақаулықтарын жою

| Белгі | Ақаулық | Шешім |
|---|---|---|
| **Радио дисплейде көрінбейді** | Радионың қуаты жоқ | Қуат/Ethernet кабельдерін тексеріңіз, қосылымдардың бекем екеніне көз жеткізіңіз. Радио тек қуат қосулы болғанда ғана жұмыс істейді. Қуат тиісті қосылғанда жарық диодты шамы жасыл болып жанады. |
| | Конфигурация | Қосылым күйін диагностикалардың 1 бетінде қараңыз. Радио қуат көзіне қосылып, желіге қосылған кезде күйі де қосылуы керек. Дисплейдің бағдарламалық қамтуы жаңарғанына көз жеткізіңіз. |
| **Радио БАСҚА дисплейлерде көрінбейді** | Желі дұрыс емес орнатылған | Бір бірімен байланыс жасау үшін барлық радиоларда БІРДЕЙ желі аты және арна болуы керек. |
| **Радио төмен ауқымды көрсетеді** | Антенна маршруты дұрыс емес | Радио мен антенна арасындағы коакс кабелінің пішіні қалыпты екеніне және антенна бекемді тіркелгеніне көз жеткізіңіз. Антенна сынбағанына көз жеткізіңіз. |
| | Қуатқа кол жеткізу қабілеті төмен | Ethernet кабелі радиоға бекем тіркелгеніне көз жеткізіңіз. Радионың жарық диодты шамы жасыл екеніне көз жеткізіңіз. |
| | Сыртқы көзден келген кедергі | Сигналмен кедергі келтіріп жатқан сыртқы жүйе болуы мүмкін. Басқа арнаға ауысып көріңіз (байланысты сақтау үшін желідегі барлық машиналар қосылуы керек). |
| | Машиналар арасындағы маршрутта кедергі | МБР тікелей көрінетін жүйе. Кез келген бөгеттер (теректер, төбелер, машинаның бөліктері, т.б.)антеннанның тікелей көрінушілігіне кедергі жасап жүйенің ауқымын төмендетеді. |
| **Сигнал күші нөльдік панельдерді көрсетеді** | Жанама машиналар | МБР тікелей көрінетін жүйе. МБР, сондай-ақ, тікелей көре алмайтын, бірақ желідегі қайталағыштар ретінде істейтін басқа радиолар арқылы көре алатын машиналармен байланысу үшін желінің кеңейтілген мүмкіндіктерін пайдаланады. Бұл жағдайда сигналдың нөльдік панельдері бұл жерде мәселенің көрсеткіші емес. |

Келесі бетте жалғасады RW00482,0000156 -KK-19APR13-1/2

| Белгі | Ақаулық | Шешім |
|---|---|---|
| | Антенна маршруты дұрыс емес | Тығыз байланыс бар екеніне көз жеткізу үшін антеннаны тексеріңіз. |
| **Пайдаланушы желіден ажырата алмайды** | Дисплеймен байланыстың жоғалуы | Тығыз байланыс бар екеніне көз жеткізу үшін Ethernet кабелін тексеріңіз. |
| **МБР жарық диодты шамы жыпықтайды** | Радио желіге қосылмаған. | Жарық диодты шамы радио желіге қосылғанша жыпықтайды. Егер радио желімен байланысын жоғалтса, радиода қуат қайта қосылмағанша жарық диодты шамы өшпей тұрады. |
| **Сымсыз байланыс төмен немесе жоқ** | Басқа сымсыз құрылғылардан келген кедергі | Өнеркәсіптік диапазондағы радиолар, сымсыз камералар және жылжымалы магниттік толқын көздері төмен желі байланысын немесе байланыстың жоғалуын тудырып, МБР құрған сымсыз байланыстарға кедергі жасауы мүмкін. Басқа арнаға ауысып көріңіз (байланысты сақтау үшін желідегі барлық машиналар қосылуы керек). |

RW00482,0000156 -KK-19APR13-2/2

## Антенна қосылымдарына қорғаныс қалпақшаларын кигізу

Антенна қосылымдарындағы ластану радионың нашар өнімділігінің себебі болуы мүмкін. Төбедегі және радиодағы антенна қосылымдары антенна орнатылмаған кезде жабық тұрғанына көз жеткізіңіз. Сақтау немесе тасымалдау үшін антеннаны алғыңыз келсе, оның дұрыс жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету үшін John Deere радио антеннасын қосылымымен бірге келетін қалпақшаларды пайдалануды ұсынады.

CZ76372,00003AD -KK-12DEC11-1/1

## Радио сипаттамалары

*ЕСКЕРТУ: Жұмыс істеу ауқымына қол жеткізу үшін, берілген антеннаны пайдалану қажет. Антеннасыз радио қосылымының ауқымы - 0,9 м (3 фут).*

Жұмыстың жоғары қуатты радио ауқымы: 4,8 км (3 миля) тікелей көріну сызығы.

Жұмыстың төмен қуатты радио ауқымы: 2,4 км (1,5 миля) тікелей көріну сызығы.

| Арна идентификациясы (ид.) | A | B | C |
|---|---|---|---|
| Арна нөмірі | 1 | 5 | 9 |
| Орталық жиіліктер (МГц) | 2412 | 2432 | 2452 |

JS56696,0000C39 -KK-13NOV14-1/1

## ЕО нормативтеріне сәйкестілік туралы мәлімдеме

**Deere & Company**
**Moline, Illinois U.S.A.**

Төменде қол қойған келесілер туралы мәлімдейді

Өнім: John Deere машинасының байланыс радиосы

келесі мәлімдемелердің барлық тәртіптері мен маңызды талаптарына сай келеді:

| Мәлімдеме | нөмірі | Куәліктендіру әдісі |
|---|---|---|
| Радио және телекомуникациялар терминал жабдық директивасы (R&TTE) | 1999/5/EC | Annex III |

Өнім келесі стандарттарға және/немесе басқа нормативті құжаттарға сәйкес келеді:

ETSI EN 300 328 V1.8.1
ETSI EN 301 489-3 V4.1.1
ETSI EN 301 489-1 V1.8.1
ETSI EN60950-1 Екінші шығ.
ISO 14982:2009
1999/519/EO

Техникалық конструкциялау бойынша файлды құрастыруға уәкілетті Европалық топтағы тұлғаның аты-жөні мен мекенжайы:

Brigitte Birk
John Deere GmbH & Co. KG
Мангейм аймақтық орталығы (орталық функциялар)
John Deere Strasse 70
Mannheim, Germany D-68163

Декларацияны құру орны: Urbandale, Iowa

Декларацияны құру күні: 10 қараша, 2014

Аты: Ryan White

Лауазымы: Development Manager Communication & Automation

Өндірістік бөлімі: John Deere Intelligent Solutions Group

DXCE01 —UN—28APR09

SF04007,0000760 -KK-18DEC14-1/1

## Күн кодын анықтау

Өндіру мерзімін анықтау үшін өнім жапсырмасындағы күн кодын (A) пайдаланыңыз. “YY" (B) өндіру жылының соңғы екі санын білдіреді; “WW” (C) өндіру жылы күнтізбесінің апта санын білдіреді.

*ЕСКЕРТУ: Өндіру аптасының саны 01-53 арасында орналасқан.*

| Күн коды | | |
|---|---|---|
| YY | Өндіру жылының соңғы екі саны | Мысал:<br>**11** = 20**11**<br>**12** = 20**12**<br>**13** = 20**13** |
| WW | Өндіру жылы күнтізбесінің апта саны | Мысал:<br>01, 02, 03...53 |

**A—Күн коды (өндіру мерзімі)**
**B—Өндіру жылының соңғы екі саны**
**C—Өндіру жылы күнтізбесінің апта саны**




PC17568 —UN—16AUG13

*Өнім жапсырмасының мысалы*

PC17574 —UN—16AUG13




*Күн кодының мысалы*

HC94949,0000342 -KK-23AUG13-1/1

## Кеден одағы—EAC

Customs Unions—EAC

Information for products that bear conformity mark of the Customs Union member states

Manufacturer: Deere & Company
Moline, Illinois U.S.A.

Model: Machine Communication Radio
Made in USA

Name and address of the authorized representative in the Customs Union of Russia, Belarus, and Kazakhstan:
Limited Liability Company “John Deere Rus”

Address: 142050, Russia, Moscow region, Domodedovo district, Domodedovo, Beliye Stolbi micro district, vladenye “Warehouse 104,” Building 2.

*For technical support, please contact your dealer.*

EAC

PC20578 —UN—15DEC14

Таможенный союз—EAC

Информация об изделиях, которые имеют знак соответствия требованиям технических регламентов Таможенного союза

Производитель: Компания Deere & Company
г. Молин, Штат Иллинойс, США

модель: Радиомодуль John Deere для машин
Сделано в США.

Наименование и адрес уполномоченного представителя на территории Таможенного союза России, Белоруссии и Казахстана: Общество с ограниченной ответственностью "Джон Дир Русь"

Адрес: 142050, Россия, Московская область, Домодедовский район, г. Домодедово, микрорайон "Белые столбы", владение "Склады 104," стр. 2.

Для получения технической поддержки обращайтесь к дилеру, обслуживающему вашу организацию.

EAC

PC20252 —UN—13NOV14

Келесі бетте жалғасады RW00482,0000443 -KK-15DEC14-1/2

Кеден одағы—Еуразия одағы

Кеден Одағы мүшелерінің ережелеріне сәйкестік белгісі бар өнімдер туралы ақпарат

Өндіруші: Deere & Company
Молин, Иллинойс, АҚШ

Үлгі: Машинаның байланыс радиосы
АҚШ-та жасалған

Ресей, Беларусь және Қазақстан кеден одағындағы авторластырылған өкілінің атауы және мекенжайы:
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік "John Deere Rus"

Мекенжайы: 142050, Ресей, Мәскеу облысы, Домодедово қаласы, Белые столбы ықшам ауданы,
"Склады 104," қожалығы, 2 үй.

*Техникалық қолдау алу үшін дилеріңізбен хабарласыңыз.*

PC20245 —UN—13NOV14

RW00482,0000443 -KK-15DEC14-2/2

# Көрсеткіш

Бет

### А

Ақаулықтарды жою
  Антенна қосылымдары .................. 35-2
  Машинаның байланыс радиосы .................. 35-1

### Б

Басқарудың әдістемесі .................. 15-1

### Е

ЕО нормативтеріне сәйкестілік туралы
  декларация .................. 40-1

### Ж

Желі диагностикалары .................. 30-2
Желі қойындысы .................. 30-1
Желі құру .................. 20-1
Желінің жұмысқа қабілеттілігін тексеру .................. 20-8

### К

Канада өнеркәсіп министрлігі
  Пайдаланушыға арналған хабарландыру .................. 10-2

### Қ

Қ, қ ә ұқ
  қ ұқ ұ қ .................. 05-2
Құрамдастар .................. 15-2

### М

Машинаның байланыс радиосы
  Ақаулықтарды жою .................. 35-1
  Басқарудың әдістемесі .................. 15-1
  Желі диагностикалары .................. 30-2
  Желі қойындысы .................. 30-1
  Құрамдастар .................. 15-2
  Радионы қайта бағдарламалау .................. 25-1
  Радионы теңшеу .................. 20-1
  Сипаттамалар .................. 40-1
Менің желідегі атым .................. 20-7

### П

Пайдаланушыға арналған хабарландыру
  Канада өнеркәсіп министрлігі .................. 10-2
  Федералды байланыс комиссиясы .................. 10-1

### Р

Радио сипаттамалары .................. 40-1
Радионы қайта бағдарламалау
  Радионың бағдарламалық
    жасақтамасын жаңарту .................. 25-1

Бет

Радионы теңшеу
  Желі құру .................. 20-1
  Желінің жұмысқа қабілеттілігін тексеру .................. 20-8
  Менің желідегі атым .................. 20-7
Радионың бағдарламалық жасақтамасын
  жаңарту .................. 25-1
Реттеу ескертуі .................. 10-1

### Т

Тәртіптеме ескертуі
  Еуропа бірлестігі .................. 10-3

### Ф

Федералды байланыс комиссиясы
  Пайдаланушыға арналған хабарландыру .................. 10-1

## Техникалық ақпарат

Техникалық нұсқаулықтарын John Deere компаниясынан сатып алуға болады. Кейбір ақпараттар CD-ROM дискілер сияқты электронды медиа таспаларда және басып шығарылған көріністе қол жетімді. Тапсырыс берудің жолы көп. John Deere дилеріне хабарласыңыз. Несиелік көртішке арқылы тапсырыс беру үшін **1-800-522-7448** телефонына қоңырау соғыңыз. http://www.JohnDeere.com торабынан онлайн режимінде іздеңіз. Үлгі нөмірін, сериялық нөмірді және өнімнің атын алдын ала дайындап қойыңыз.

Қол жетімді ақпараттардың құрамында:

- БӨЛШЕКТЕР КАТАЛОГЫ Сіздің машинаңыз үшін қол жетімді қызметтік бөлшектер тізімін Сізге таңдауға ыңғайлы болу үшін слайд шоу ретінде көрсетеді. Сондай-ақ, ол жинау не шешу үшін де тиімді.
- МЕХАНИК-ЖҮРГІЗУШІ НҰСҚАУЛЫҚТАРЫ қауіпсіздік, басқару, жөндеу және қызмет көрсету туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді. Бұл нұсқаулықтар және машинадағы қауіпсіздік белгілер басқа тілдерде де қол жетімді болуы мүмкін.
- МЕХАНИК-ЖҮРГІЗУШІНІҢ БЕЙНЕ ТАСПАЛАРЫ қауіпсіздіктің негізгі деректерін, басқару, жөндеу және қызмет көрсету туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді. Бұл таспалар бірнеше тілдерде және пішіндерде қол жетімді болуы мүмкін.
- ТЕХНИКАЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ машинаңыз үшін қызмет көрсету ақпараттарын қамтиды. Сипаттамалары, бейнеленген жинау және шешу үрдістері, гидравлика майының ағу диаграммалары және сызба диаграммалары сияқты ақпараттар қосылған. Кейбір өнімдер жөндеу және диагностикалық ақпараттарды қамтитын жеке нұсқаулықтарды қамтиды. Моторлар сияқты кейбір құрамдастар жеке құрамдас техникалық нұсқаулықтарында берілген.
- ФУНДАМЕНТАЛДЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР өндірушіге байланысты емес жалпы ақпараттарды қамтиды:
  - Ауыл шаруашылық Primer сериясы ферманы және ранчоны жүргізу технлогияларын, оның ішінде компьютер, интернет және дәлдік шаруашылық сияқты тақырыптарды қамтиды.
  - Ферманы жұмыстарын басқару сериялары “нақты әлем” мәселелерін талқылайды және маркетинг, қаржы, жабдықтарды таңдау және сәйкестік салаларында нақты шешімдерді ұсынады.
  - Қызметтік нұсқаулықтардың фундаментал нұсқалары мүдірмейтін жабдықтарды жөндеу және күту туралы ақпараттарды қамтиды.
  - Машинаны пайдалану нұсқаулықтардың негіздері машинаның мүмкіндіктері мен бапталымдарын, машинаның іскерлігін асыру және керексіз сала әрекеттерін жоққа шығару ақпараттарын қамтиды.



TS189 —UN—17JAN89



TS191 —UN—02DEC88




TS224 —UN—17JAN89




TS1663 —UN—10OCT97

DX,SERVLIT -KK-31JUL03-1/1

## John Deere сіздің қызметіңізде

ТАПСЫРУШЫНЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРУ John Deere компаниясы үшін өте маңызды.

Біздің дилерлеріміз жылдам әрі тиімді қызмет көрсетуге және бөлшектермен қамтамасыз етуге тырысады :

–Жабдығыңызға қолдау көрсету үшін жөндеу және қызмет көрсету бөлімдері.

–Дайындалған қызметтік техниктері және қажетті диагностика мен жөндеу құралдары әрқашанда сізге қызмет көрсетуге дайын.




TS201 —UN—15APR13

ТАПСЫРУШЫНЫ ҚАНАҒАТТАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ҮРДІСІ

Жергілікті John Deere дилері сіздің жабдығыңызға қолдау не кез келген ақаулықты жоюға көмектесу керек.

1. Дилермен хабарласқаныңызда оны келесі мәліметтермен қамтамасыз етіңіз:

–Машинаның моделі және өнімнің идентификация нөмірі

–Сатып алу күні

–Ақаулықтың түйіні

2. Ақаулықты дилер қызметінің менеджерімен ақылдасыңыз.

3, Егер мәселе шешілмесе, ақаулықты жергілікті дилер орталығының менеджеріне түсіндіріңіз.

4. Егер дилеріңіз шеше алмайтын мәселеге тап болсаңыз, дилеріңізге John Deere компаниясынан көмек сұрауды ұсыныз. Немесе Ag Тапсырушыға көмек көрсету орталығына 1-866-99DEERE (866-993-3373) телефонына хабарласыңыз не www.deere.com/en_US/ag/contactus/ веб торабына кіріп, бізге электрондық пошта хабарламасын жіберіңіз.

DX,IBC,2 -KK-02APR02-1/1

*John Deere қызметі сізді тоқтаусыз жұмыспен қамтамасыз етеді*